

2026 жылғы Әлеуметтік кәсіпкерлер жәрмеңкесін өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Әлеуметтік кәсіпкерлер саммиті - 2026» аясында өткізілетін 2026 жылғы Әлеуметтік кәсіпкерлер жәрмеңкесін (бұдан әрі - Жәрмеңке) ұйымдастыру және өткізу тәртібін, сондай-ақ қатысу шарттары мен қатысушыларды іріктеу тәртібін айқындайды.

1.2. Жәрмеңке Қазақстан Республикасының әлеуметтік кәсіпкерлері мен әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің өнімдерін, көрсетілетін қызметтерін және әлеуметтік бастамаларын таныстыруға арналған алаң болып табылады.

2. Жәрмеңкенің мақсаты

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу, табысты әлеуметтік жобаларды кеңінен таныстыру, іскерлік байланыстарды нығайту, серіктестікті дамыту және тәжірибе алмасуға жағдай жасау.

3. Қатысушылар

Қатысуға шақырылады:

- әлеуметтік кәсіпкерлер;
- әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;
- әлеуметтік бағыттағы жобаларды жүзеге асыратын кәсіпкерлер.
-

4. Жәрмеңкені ұйымдастыру

4.1. Жәрмеңке бірыңғай этностиль тұжырымдамасында ұйымдастырылады.

4.2. Ұйымдастырушы:

- Жәрмеңкені ұйымдастыруды және өткізуді;
- қатысушылардың логистикасын, орналастырылуын және ұйымдастырушылық сүйемелдеуін;
- көрме орындарын ұсынуды;
- Саммит өткізілетін күні қатысушылардың жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді.

4.3. Жәрмеңкеге әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталған өнімдері, қызметтері немесе жобалары бар кемінде 15 әлеуметтік кәсіпкер іріктеледі.

5. Қатысушыларды іріктеу тәртібі

5.1. Қатысушыларды іріктеу тәуелсіз комиссиямен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

5.2. Комиссия өтінімдерді қарау кезінде мынадай өлшемшарттарды басшылыққа алады:

- жобаның әлеуметтік маңыздылығы;
- өнімнің немесе көрсетілетін қызметтің сапасы;
- таныстырылым деңгейі;
- қызметтің тұрақтылығы;
- жобаның инновациялығы;
- қатысушының Жәрмеңкеде өз қызметін таныстыруға дайындығы.

5.3. Комиссияның шешімі өтінімде көрсетілген мәліметтер мен ұсынылған материалдар негізінде қабылданады және түпкілікті болып табылады.

6. Қорытынды ережелер

Жәрмеңкеге қатысуға өтінім беру қатысушының осы Ережемен толық танысқанын және оның талаптарымен келісетінін білдіреді.